

"Ақтөбе облысының білім басқармасы Мұғалжар ауданының білім бөлімі" мемлекеттік мекемесінің "Жарық негізгі орта мектебі" коммуналдық мемлекеттік мекемесінің мемлекеттік аттестаттау барысында анықталған кемшілікті жою туралы

АНЫҚТАМА

1. Жарық негізгі орта мектебінің мектепке дейінгі ұйымы бойынша мемлекеттік қайта аттестаттау анықтамасы мен дәлелдеме материалдары Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 5 желтоқсандағы №486 бұйрығымен бекітілген бекітілген «білім беру ұйымдарын бағалау өлшемшарттарының» 1-параграфы «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарын бағалау өлшемшарттары» талаптарына сәйкес толтырылып ұсынылды.

- мектепке дейінгі ұйымы бойынша оқу жұмыс жоспарлары мен ұйымдастырылған қызметті;
- білім беру қызметін және білім беру бағдарламалары (вариативті, жеке, бейімделген, қосымша);
- мектепалды жастағы тәрбиеленушілерді оқыту нәтижелері;
- тәрбиеленушілердің даму мониторингісінің (бастапқы) нәтижелері;
- үлгілік оқу бағдарламасына қосымшаға сәйкес тәрбиеленушілердің жетістіктерін мониторингілеу (қорытынды) нәтижелері;
- тәрбиеленушілердің оқу жүктемесінің ең жоғары көлемі: МДТО ҮОЖ белгіленген тәрбиеленушілердің оқу жүктемесінің ең жоғары көлеміне қойылатын талаптарға сәйкестігі;
- тәрбие мен оқыту мерзіміне қойылатын талаптар: балалардың жасын ескере отырып, жас топтарын қалыптастыру;
- тәрбиеленушіні 1-сыныпқа қабылдағанға дейін МДТО үлгілік оқу бағдарламасын игеру.

2. Бастауыш және негізгі орта буын сыныптарына арналған оқу жұмыс жоспарлары «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы №348 бұйрығының 2-қосымша 3-тарау 29-тармақ, 3 қосымша 3-тарау 41-тармақ талаптарына сәйкес құрастырылып ұсынылды (дәлелдеме құжат көшірмесі тіркелді).

3. Мектептің қатаң есептегі іс-құжатын жүргізуде (оқу жоспары, сабақ кестелері т.б.) өзара сәйкестілік, бірізділік, жүйелілік қалыптастырылды.

4. Мектеп контингенті (сыныптарды топтастыру, біріктіру) ҚР Оқу-ағарту министрінің «Тиісті типтердегі және түрлердегі мектепке дейінгі мектепке дейінгі, орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі, қосымша білім беру ұйымдары қызметінің үлгілік қағидаларын бекіту туралы» 2022 жылғы 31 тамызындағы №385 бұйрығының 2-қосымшасы,

4-тарауы, 1-параграф 97-тармақшасы талаптарына сәкес құрастырып ұсынылды *(дәлелдеме құжат көшірмесі тіркелді)*.

5. Ерекше білім беру қажеттілігі бар білім алушылармен жұмыс «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы №348 бұйрығы 2-қосымша 2-тарау 6,7-тармақ талаптарына сәкес ұйымдастырылып ұсынылды *(дәлелдеме құжат көшірмесі тіркелді)*.

6. Мектептегі оқу-тәрбие процесін ұйымдастыруға арналған нормативтік құқықтық актілері негізінде және цифрлық сауаттылық бойынша семинар-практикумдар кестесі бекітіліп, іске асырылуы бойынша құжаттар толтырылып ұсынылды *(бекітілген кестесінің көшірмесі тіркелді)*.

7. «Өмір қауіпсіздігі негіздері» оқу курсы «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандартын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3-тамыздағы №348 бұйрығының 2-қосымша 2-тарау 25 тармақ, 3-қосымша 4-тарау 56-тармағының 6-тармақшасы талаптарына сәйкес өткізіліп, электрондық сынып журналдарына енгізілді.

- 1-4-сыныптарда "Өмір қауіпсіздігінің негіздері" оқу курсының мазмұнын 1-4-сыныптарда "Дүниетану" оқу пәнінің шеңберінде: жылдық оқу жүктемесі 1-3-сыныптарда 6 сағаттан, 4-сыныпта 10 сағаттан бастауыш сынып мұғалімдері Төлебай Г.Ж., Хаметова Н.Е., Манасбаева Ж.Т., Қабиболла А.А., Касымниязова Ж.Т. іске асырды.

- "Өмір қауіпсіздігінің негіздері" оқу курсының мазмұны 5-9-сыныптарда дене шынықтыру оқу курсының аясында 15 сағаттық жылдық оқу жүктемесімен дене шынықтыру мұғалімі Абдраманов Арман Оспанұлымен іске асырылды.

8. Білім беру процесін материалдық-техникалық қамтамасыз етілуі «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы №348 бұйрығы 2-қосымша 2-тарау 27-тармақ, 3-қосымша 25-тарау 39-тармақ талаптарына сәкестендіріліп ұсынылды *(толтырылған кестелер көшірмелері тіркелді)*.

9. Білім алушылардың дайындық деңгейін бағалау «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік міндетті стандарттарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы №348 бұйрығы 2-қосымша 4-тарау 32-38 тармақ, 3-қосымша 4-тарау 47-56-тармақ талаптары негізінде іске асырылуда.

10. Мектептің мемлекеттік қайта аттестаттау анықтамасы мен дәлелдеме құжаттары «Білім беру ұйымдарын бағалау өлшемшарттарын

бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту Министрінің 2022 жылғы №486 бұйрығы талаптарына сәйкес «edu.kz» аймағындағы үшінші деңгейлі домендік <https://jaryq.mugalzhar.edu.kz/kz/> сайтына енгізілді.

Мектеп директоры  Ахмет Д.И.

